




КӨПҰЛТТЫ ҚОҒАМДАҒЫ АДАМДАРДЫҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУІ

Дайындаған: Есенова Айзада
Мамандығы: Фельдшер


Этникалық қауымдастықтар. Қоғамтану әдебиеттерінде **әлеуметтік топ**, яғни өздерінің белгілі бір топқа жататындығын саналы түрде түсінетін және өзгелердің пікірі бойынша сол топтың мүшелері болып саналатын адамдар ұғымы бар. Көбінесе әлеуметтік топты **әлеуметтік қауымдастық** деп атайды. Бұл термин көбінесе аумақтық немесе этникалық белгі бойынша жіктелген әлеуметтік топтарды белгілеу үшін қолданылады.

Бір әлеуметтік топ немесе қауымдастық өкілдерінде өмір туралы бірдей ұғым, сондай-ақ тәртіп, құндылық және нормалары қалыптасады.

Әлеуметтік құрылымдардың келесі негізгі типтері бөліп қарастырылады:

- Тікелей туыстық байланыстар бойынша – отбасы, ру, тайпа;
- Этникалық – мәдени түп – тамыры бойынша – этностар;
- Әлеуметтік – экономикалық мәртебесі бойынша – елдер;
- Реттілік, ұйымдастырылғандық дәрежесі бойынша – тобыр, бұқара, әлеуметтік ұйым.

Адамзат тарихынан отбасы, этнос және мемлекет сияқты әлеуметтік құрылымдардың алғашқы қауымнан шыққаны мәлім.



Бір жағынан, олар кіші әлеуметтік құрылымдарға - **отбасыларына** жіктеліп, ыдыраған, екінші жағынан, олардың ықпалдасу үрдісі жүріп отырған. Нәтижесінде жаңа әлеуметтік құрылымдарды құрған аумақтық қауымдастықтар пайда болды. Олар әртүрлі ру – тайпаларды қамтып **этностар** мен **мемлекеттерге** бірікті.

Этнос (грек. Ethnos – халық) – адамдардың тарихи қалыптасқан, тұрақты қауымдастығы. Ол – адамдардың аймақтық өмір сүру жағдайларына белсенді түрде бейімделу үлгісі ретінде біріктірілген үлкен қауымдастығы. Этнос сөзі тайпа, ұлыс, ұлт сияқты әлеуметтік қауымдастық түрлерінің жалпылама атауы ретінде қолданылады. Туындауы және табиғаты бойынша этнос әлеуметтік құбылыс болып табылады. Оның әлеуметтілігі – еңбек бөлінісі, экономикалық және саяси қоғамдық құрылымдардың қалыптасып – дамуы үдерістерінің өнімі болып табылғандығында. Этностың пайда болуы – қазіргі заманғы ғылымның үлкен қызығушылық тудыратын проблемаларының бірі. Л.Н. Гумилев пассионарлық тұжырымдамасын алға шығарды. Оның мәні – ғарыш энергиясының бағытты әсері тиген белгілі бір популяциялардың энергетикалық заряд алып, ұзақ эволюцияға түсіп, өрлеу шыңынан күйреуге дейін бірнеше сатыдан өтетінінде. **Л.Н.Гумилевтің** тұжырымдамасында этнос – адамдар қауымдастығының бірегей табиғи ландшафтысы, нақтырақ айтқанда, онымен ұтымды үйлесімділік құру аймағын қарқынды түрде игеру жөніндегі шығармашылық үдерісінің нәтижесі ретінде қарастырылады.

Ландшафтыны игеру барысында қауымдастық белгілі бір мәдени типті алып жүруші ретінде этносты қалыптастырады. Бұл көзқарас адамзат тарихының этникалық және әлеуметтік ырғақтарының сәйкес келмеуі идеясы көзделеді. Этностар экономикалық – әлеуметтік үдерістердің үлгілері ретінде емес, қызмет етуі мен өзара әрекеттестігі көбінесе тарих барысын айқындайтын дербес феномендер ретінде қарастырылады. **Л.Н.Гумилев** өз идеясының өміршендігін ұстап қалу үшін этнос қауымдастығы әлеуметтік, саяси құрылымдарды, институттарды құрайды деп санаған. Бірақ этногенез терең сипатқа ие ие болғандықтан, мысалы, этностық қартаю үдерісі әлеуметтік құрылымның, саяси жүйенің, т.б. сипатына байланысты болып табылмайды. Этнос феноменінің объективті негізін адам мен табиғаттың өзара әрекеттестігінен іздеу бұрыннан келе жатқан тарихи философиялық дәстүрге негізделеді. Егер объективті негіздер бойынша этнос табиғи, нақтырақ айтқанда, аумақтық құбылыс ретінде қарастырылады. Этностық қауымдастықты біртұтастыққа біріктіретін нәрсе не екенін тарихи көзқарас негізінде ғана пайымдауға болады.

Этнос бірыңғай шарушылық – мәдени ерекшеліктері және сонымен бірге ортақ тарихи тағдыры бар адамдар қауымдастығы ретінде өмір сүреді. Этнос ұғымы дәл осы бірыңғай шаруашылық – мәдени тип және ортақ тарихи тағдырдың өзара байланысы шамасын айқындайды. Этнос біртұтас құбылыс болып, қоғамның әлеуметтік жадында сақталатын өзінің тарихы арқылы біртұтастыққа ықпалдасады. Тарихи көзқарас этнос ұғымының, ең болмаса, екі түрлі мағынасын ажыратып көрсету қажеттілігін туғызды. **Біріншіден**, этнос – этногенетикалық қауымдастық, яғни өздерінің белгілі бір топ мүшелері сол топ өкілдерімен өздерінің генетикалық байланысын түсіну арқылы бірігетін әлеуметтік топ ретінде түсініледі. Шындығында, жеке тұлға өзінің белгілі бір этносқа жататынын түсінеді: мысалы, қазақтар өздерін түркілердің ұрпағы деп санайды. **Екіншіден**, этнос этностық – әлеуметтік қауымдастық, яғни жалғыз этностық қана емес, сонымен қатар әлеуметтік – экономикалық белгілердің бірыңғайлығы негізінде біріктірілген топ ретінде түсініледі. Этностық қауымдастық қанға ғана емес, адамдардың сана – сезіміндегі ұғым – түсініктерге негізделеді, сондықтан ол биологиялық емес, әлеуметтік ұғым болып табылады.

Жаңа заманда экономикалық бытаранқылықты жою негізінде этностық – әлеуметтік қауымдастықтың жаңа типі – ұлттар қалыптасты. Адамдар өз қауымдастығын ұлттық біріңғайлық ретінде қабылдаған жағдайда ғана қауымдастық ұлтқа айналады. Адамдардың өз ұлттық қауымдастын түсіну ұлттық сана-сезім болып болып табылады. Ол -ұлттың өмір сүруінің қажетті шарты. Адамның белгілі бір ұлтқа жататындығы оның ұлттық мәдениетке ие екендігін көрінеді.

Қазақстандағы ұлтаралық келісім және ұлттық бірлік.

Қазақстанда 130-дан астам ұлт пен ұлыс өкілдері өмір сүреді. Бұл – бізде көпэтностық қауымдастық бар деген сөз. Сондықтан ұлтаралық салада пәрменді мемлекеттік саясат қажет. Осы мақсатпен қазақстан халқы ассамблеясы құрылды. Оның мақсат міндеттері, құрылымы мен жұмысының ұйымдастырылуы, қызметінің негізгі бағыттары 2002 жылғы 26 сәуірде Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан халқы Ассемблеясы туралы қағидада және Ассамблеяның стратегиясында анықталған.

Бүгінде **Ассамблея** ұлтаралық саладағы мемлекеттік саясатты іске асырудың аса маңызды құралына, біздің елімізде тұратын барлық ұлттар мен ұлыстардың өзара әрекеттестігі жүзеге асырылатын пәрменді алаңға айналды. **1996 жылдан** бері жыл сайын **Қазақстан Республикасында 1 Мамыр** мерекесі Қазақстан халқының бірлігі күні ретінде атап өтіледі. Бұл мереке бейбітшілік пен келісімнің қазақстандық үлгісі болып табылады.

Бүгінде елімізде 100-ден астам мектеп пен 170-тен астам жексенбілік мектептерде 23 этностың ана тілі оқытылады. Қазақстанда 4 **республикалық** және 10 **аймақтық, ұлттық** газет басып шығарылып, 6 **ұлттық** (қазақ, орыс, неміс, корей, ұйғыр және өзбек) театрлар қызмет атқарады.

Осының барлығы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен жүзеге асырылып отырған қазақстандық ұлттық саясаттың табыстылығы мен тиімділігін дәлелдейді.